



Талғайран негізгі мектебі бойынша 5 – 9 сынып аралығындағы әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына және 1-4 сынып оқушыларына бір мезгілдік ыстық тамақ беруді ұйымдастыру комиссиясының жиналысы

«4» қаңтар 2018жыл

Қатысқандар: 7

Комиссия мүшелері:

А.Сарсенғалиев – мектеп директоры , комиссия төрағасы  
Г.Агманова – мектеп әлеуметтік педагог  
С.Дощанов – Ата-аналар комитетінің төрағасы  
А.Қалиева – директордың тәрбие ісі орынбасары  
Б. Абдирова – ата- аналар комитеті төрайымы мүше  
К.Қарсақбаева- завхоз  
К.Аққалиева – медбике, мүше

Күн тәртібінде:

5 - 9 сынып аралығындағы әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына және 1-4 сынып оқушыларына бір мезгілдік ыстық тамақ беруші жеке кәсіпкер ИП «Мамбетов А.Е.» жұмысын 2018 жылдан бастап 1 жыл мерзімге ұзарту туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры:А.Сарсенғалиев.Күн тәртібінде қаралған негізгі мәселе мектептің 5-9 сынып аралығындағы әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушыларына және 1-4 сынып оқушыларына бір мезгілдік ыстық тамақ беруші жеке кәсіпкер ИП «Мамбетов А.Е.» жұмысының 2018 жылдың қаңтар айынан бастап қызмет ету мерзімін ұзарту жайында.

Осы орайда мектеп асханасының жай - күйі тамақпен қамтылуы, сіздерге таныс, мектеп оқушылары мен ата- аналар тарапынан, ұстаздар тарапынан ешқандай наразылық немесе ыстық тамақтың берілуіне байланысты шағымдар болған емес . Асхана жұмысы қалыпты, сапасы да жақсы.

Сондықтан Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, жетім балалар мен ата - аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға білім беру ұйымдарында тәрбиеленуші және білім алушы балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарлар сатып алу қағидаларын бекіту туралы» № 717 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 22 ақпандағы №76 бұйрығын басшылығына ала отырып, мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтушы жеке кәсіпкер ИП «Мамбетов А.Е.» қызметін ұзартуды ұсынды.

Осы бұйрықтың 64 тармағында «Шарт бөлінген қаражат негізінде тиісті қаржы жылында міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес жасалады және шарт мерзімі аяқталғаннан кейін өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда екі реттен көп емес ұзартылады» делінген. Осыған байланысты асхананы өзгеге ауыстырымай қалдыруды ұсынып отырмын.

Сөйлеушілер: Б.Абдирова

Мен бұл кәсіпкер жұмысына ризамын мен ғана емес ұжым мүшелері де ризашылығын білдіреді. Оқушылар да өздеріне ұсынылған тағамдарын тәбетпен ішіп, асхана қызметіне алғысын білдіруде.

С.Дощанов – ата- аналар комитетінің төрағасы

Ата - ана ретінде оқушыларға беріліп жатқан ыстық тамақ жайына көңіл бөліп, уақытылы қадағалап отыратынын сөз етті.

Г. Агманова –әлеуметтік педагог

Асхана тамағына ешкімнің реніші жоқ екенін, бастауыш сынып оқушыларына да, әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына да беріліп жатқан тағам түрлері көңілден шығып отырғандығын айтты.

Жиналыста айтылған пікірлер ескеріле отырып, қаулы қабылданды.

ИП «Мамбетов» жұмысының уақытын 2018 жылдың қаңтарынан бастап, 1 жылға ұзартуға шешім қабылданды. Жалпы ыстық тамақтың берілу жайында бақылау жасау бұрынғысынша брокеражды комиссия құзырына қалдырылсын.

Шешім:

1.Ата-аналармен кеңес мүшелерінің ұсыныс пікірлері ескеріле отырып,жеке кәсіпкер Мамбетовпен жұмыс жасау одан әрі жалғастырылсын.

2.Мектеп бойынша оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын бақылау әлеуметтік педагог: Г.Агмановаға жүктелсін.

3.ИП Мамбетовпен келісім шарт жасап, құжаттарды дайындау есепші Г.Жумағалиеваға міндеттелсін.



Комиссия мүшелері:	
А.Сарсенғалиев:	Мектеп директоры , комиссия төрағасы
Г.Агманова	Әлеуметтік педагог
С.Дошанов	Ата-аналар комитетінің төрағасы
А.Қалиева :	Директордың тәрбие ісі орынбасары
Б. Абдирова :	Ата- аналар комитеті төрайымы мүше
К.Қарсақбаева:	Завхоз
К.Аққалиева:	Медбике, мүше